

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	15.05-19.05.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.
	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогке еліктеп қимылдарды саусақтарымен жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау)	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Мұзафар Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз) Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Бір бидай – бес қап" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттер: Балаларды "Бір бидай - бес қап" атты ертегі мазмұнымен таныстыру, адамның жақсы қасиеттері жөнінде мағлұматтар беру, адам еңбегінің маңызы туралы ұғымдар негіздерін қалыптастыру.	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып,	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар

	Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандармен бас төбесін жабу). Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортаңғыны қосып қимыл жасаймыз) Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! (он саусақты көрсетеміз) Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз) (сөйлеуді дамыту)		суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолды оң жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады. 2.2. Бастапқы қалып. 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.				

	2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, кішкентай темір шар ұстаған қолдар екі жақта. 3.1. Аяқтарын жинап, кішкентай темір шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	Дене шынықтыру "Көктемгі гүлдер". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп	Дене шынықтыру "Гүлдей жайнап бәріміз". Мақсат-міндеттер.	Музыка "Дән терейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды көңілді	Дене шынықтыру "Көркі ғажап көктем". Мақсат-міндеттер.	Қазақ тілі Жайдары жаз келді! Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде жаз

іс-әрекет	бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; топ бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету.	Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру.	сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білу қабілетін дамыту; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру.	Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау.	мезгілі туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдануды үйрету. Сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеуді, ойлауды, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне
-----------	--	--	---	--	---

					қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату,	Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру;	Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды	Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.	Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.

	бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату. <i>"Туған елдің көктемі".</i> Маржан жаңбыр Жауды да бір Кемпірқосақ керілді. Жарқ етті де, аунады қыр, Ырзық дәні себілді. III. Мәмбетов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге	түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар? <i>"Күлімдеген дөңгелектер".</i> - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	"кұрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса Болады құм бауырсақтай. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ коқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін	- Балалар, қазір күн шығып тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы күн. "Түн қалдырмай қуып өтті". Түн қалдырмай қуып өтті, Нөсер көкті жуып өтті. Жалғыз ғана көгенге ұқсап Қала берді кемпірқосақ. Қ. Мырзалиев. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген	- Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді. "Құмырсқалар". Құмырсқалар, Құмырсқалар, Жұмыспенен күн қысқарар. Тыным жоқ-ау Өздеріңде, Қызып алған Кездеріңде Тасисындар көрінгенді, Білмейсіңдер Ерінгенді. Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға
--	--	---	--	--	---

	әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи	топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа	дамыту. "Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру. - Босқа біз тұрмайық, Құлыншақ болайық, Аяқтармен соқ-соқ. Секіреміз тоқ-тоқ. Оң жаққа қолды сермеп, Сол жаққа қолды сермеп. Аяқты көтеріміз, Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата	қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздері арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп
--	---	--	---	--	--

	отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.	білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.		қадағалайды. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
--	--	---	--	--	---

		(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе- теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау. Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды. Басты оңға, солға бұру.				

	Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. "Көңілді аяқтар" жаттығуы. Аяқтарды биік көтер, міне, былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну. Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Жанбырдың пайдасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың жансыз табиғат құбылыстары	Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша". Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Балабақша ауласындағы ағаштар". Мақсат-міндеттер. Балалардың	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Құлыншақтарға сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың пішіндері	"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруға

	арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен логикалық пайымдауын және шығармашылығын дамыту.	еліктеуге ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздарда қиылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады). "Көктемгі бау-бақша". Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз. Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту	балабақша ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың пайдасы туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру.	мен түстеріне қарап, бастапқы санға сай, саны сонша затты тұтастырып, салыстыру тәсілдерін жетілдіру; заттарды тең екі топқа бөлу үшін, әрқайсысын бір-біреуден екі жаққа, екі бөлек қатарға жинау дағдыларын жетілдіру; сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.	үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту. Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".
--	---	---	--	---	---

		және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)			
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығу. Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай. Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек Қазақ тілінің төл дыбыстарының дұрыс дыбысталуын қадағалап, балаларға бірнеше рет айтқызу. (сөйлеуді дамыту)	"Көбелек" тақпағын айтқызу. Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Өбен Дәуренбеков) Сен де қудың көбелек, Мен де кудым көбелек, Жүйрік екен керемет, Ұстатпады, не керек?! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Барысы: жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." деген сөздерді айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе қате жауап айтса ойыннан	Еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттату. 1. Еңбек - ата, жер-ана. 2. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің дәмі тәтті. 3. Бейнетің қатты болса, Татқаның тәтті болар. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Қызғалдақ" өлеңін жаттау. Жомарт мынау табиғат Өсіргендей бізге арнап. Қып-қызыл боп жалындап, Қырға өседі қызғалдақ. Р.Тышқанбаев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)

			шығады. Барлық ойыншылар ойыннан шыққанша дейін ойнатылады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)		
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту,				

әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Баланың эмоциялық жағдайы.	Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".	"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу,	"Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме.	Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруда ата-аналарға кеңес беру.

			кеңес беру.		
--	--	--	-------------	--	--